

## **Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне бағалы қағаздар нарығы мәселелері бойынша өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2015 жылғы 20 қазандағы № 195 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 2 желтоқсанда № 12338 болып тіркелді.

Қазақстан Республикасының заңнамасын жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Өзгерістер енгізілетін Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілерінің тізбесі бекітілсін.

2. Бақылау және қадағалау әдіснамасы департаменті (Әбдірахманов Н.А.) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) Құқықтық қамтамасыз ету департаментімен (Досмұхамбетов Н.М.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберуді;

3) осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің интернет-ресурсына орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Халықаралық қатынастар және жұртшылықпен байланыс департаменті (Қазыбаев А.Қ.) осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ұлттық Банк

Төрағасы

Қ. Келімбетов

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық Банкі Басқармасының  
2015 жылғы 20 қазандағы  
№ 195 қаулысына қосымша

**Өзгерістер енгізілетін Қазақстан Республикасының  
бағалы қағаздар нарығы мәселелері бойынша**

## нормативтік құқықтық актілерінің тізбесі

1. "Инвестициялық қор активтерінің, инвестициялық қордың таза активтерінің құнын, инвестициялық пай қоры пайының есепті құнын және акционерлік инвестициялық қордың акцияларын сатып алу бағасын есепке алу және айқындау ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 21 тамыздағы № 259 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3124 тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Инвестициялық қор активтерінің, инвестициялық қордың таза активтерінің құнын, инвестициялық пай қоры пайының есепті құнын және акционерлік инвестициялық қордың акцияларын сатып алу бағасын айқындау ережесін бекіту туралы";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қоса беріліп отырған Инвестициялық қор активтерінің, инвестициялық қордың таза активтерінің құнын, инвестициялық пай қоры пайының есепті құнын және акционерлік инвестициялық қордың акцияларын сатып алу бағасын айқындау ережесі бекітілсін.";

көрсетілген қаулымен бекітілген Инвестициялық қор активтерінің, инвестициялық қордың таза активтерінің құнын, инвестициялық пай қоры пайының есепті құнын және акционерлік инвестициялық қордың акцияларын сатып алу бағасын есепке алу және айқындау ережесінде:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Инвестициялық қор активтерінің, инвестициялық қордың таза активтерінің құнын, инвестициялық пай қоры пайының есепті құнын және акционерлік инвестициялық қордың акцияларын сатып алу бағасын айқындау ережесі";

кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

"Осы Инвестициялық қор активтерінің, инвестициялық қордың таза активтерінің құнын, инвестициялық пай қоры пайының есепті құнын және акционерлік инвестициялық қордың акцияларын сатып алу бағасын айқындау ережесі (бұдан әрі - Ереже) "Инвестициялық қорлар туралы" 2004 жылғы 7 шілдедегі және "Бухгалтерлік есеп және қаржылық есеп беру туралы" 2007 жылғы 28 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес әзірлейді және Инвестициялық қор активтерінің, инвестициялық қордың таза активтерінің құнын, инвестициялық пай қоры пайының есепті құнын және акционерлік инвестициялық қордың акцияларын сатып алу бағасын айқындау талаптарын, әдістемесін және тәртібін белгілейді.";

1-тарау мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Жалпы ережелер

1. Инвестициялық қордың активтері мен міндеттемелерінің құнын айқындауды басқарушы компания және инвестициялық қордың кастодианы қызмет етуін олар қамтамасыз ететін әрбір инвестициялық қор бойынша жеке жүзеге асырады.

2. Басқарушы компания және инвестициялық қордың кастодианы мынадай талаптарды сақтай отырып, мыналарды қамтамасыз етеді:

1) инвестициялық қор активтерінің құрылымы:

инвестициялық қордың бағалы қағаздарының төлеміне алынған активтер;

алынған кіріс, оның ішінде қаржы құралдары бойынша дивидендтер, сыйақылар түріндегі түсімдер, сондай-ақ инвестициялық қордың активтерімен мәмілелерден болған кірістер;

есептелген кіріс, оның ішінде қаржы құралдары бойынша сыйақы, қор активтерін қайта бағалаудан болған құнының өсімі бөлігінде көрсетіледі;

2) инвестициялық қор активтерінің есебінен өтелетін және инвестициялық қордың қызмет етуін қамтамасыз ететін тұлғаларға төленетін шығыстар:

инвестициялық қордың бағалы қағаздарының төлеміне алынған активтер;

инвестициялық кіріс есебінен өтелетін шығыстарға бөлінеді.

3. Инвестициялық қордың шоттары бойынша операцияларды жүзеге асырған кезде мыналар көрсетіледі:

1) валюта түрі;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шығарылған немесе Қазақстан Республикасының аумағындағы инвестициялық қордың активтері және Қазақстан Республикасынан басқа, өзге мемлекеттердің заңнамасына сәйкес шығарылған немесе олардың аумағындағы инвестициялық қордың активтері;

3) қаржы құралдарының түрлері және айналыс (қолданылу) мерзімдері;

4) бағалы қағаздардың эмитенттері (бағалы қағаздардың ұлттық бірегейлендіру нөмірлері), салым шарттары жасалған банктер, инвестициялық қор сатып алған қаржы құралдарын шығарған тұлғалар көрсетіледі;

5) инвестициялық қор активтерінің құрамына енгізілген қаржы құралдарының саны;

6) инвестициялық қор активінің соңғы ағымдағы құны және оның номиналды құны (борыштық бағалы қағаздар үшін) немесе баланстық құны (акциялар үшін);

7) инвестициялық қор активін сатып алу күні және оның сатып алу құны;

8) есептелген кіріс сомасы, оның ішінде қаржы құралдары бойынша сыйақы.";

7-6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7-6. Өтімді емес акциялардың құны сәйкестендірілген күн бойынша анықталады. Бұл ретте акция, егер инвестициялық қордың активтеріне қайта бағалау жүргізу күні осы бағалы қағаз Қор биржасының бағалы қағаздарының өтімділік көрсеткіштерін айқындау әдістемесіне сәйкес айқындалған өтімділіктің бірінші сыныпты бағалы қағаздарының тізіміне кірмесе, өтімді емес болып танылады.

Өтімді емес акциялардың сәйкестендірілген құны қор биржасының ресми интернет-ресурсында жарияланатын қаржылық есептілігінде көрсетілген баланстық құнына акциялардың ағымдағы құнын біркелкі өзгерту арқылы анықталады. Қор биржасының ресми интернет-ресурсында осындай ақпарат болмаған жағдайда, "Акционерлік қоғамдар туралы" 2003 жылғы 13 мамырдағы Қазақстан Республикасы Заңының 76-бабы 4-тармағының талаптарына сәйкес жарияланатын қаржылық есептілігінің негізінде анықталатын баланстық құн, мынадай сәйкес келтіру кезеңдерін ескере отырып, айқындалады:

он екі ай ішінде, егер ағымдағы құны баланстық құнынан 1-1,5 есе ауытқыса;

жиырма төрт ай ішінде – егер ауытқу 1,5-2 есе болса;

отыз алты ай ішінде – егер ауытқу 2 еседен астам болса.

Басқарушы компания немесе өзінің активтерін дербес басқаратын акционерлік инвестициялық қор 2010 жылғы 1 шілдеге дейін сатып алған акциялар сәйкестендірілген құны бойынша есепке алынады, 2010 жылғы 1 шілдеден кейін сатып алынған акциялар – баланстық құны бойынша есепке алынады.

Ереженің мақсаттары үшін жай акциялардың баланстық құны және артықшылық берілген акциялардың баланстық құны ретінде эмитенттің қаржылық есептілігі негізінде қор биржасының ережесіне сәйкес анықталатын тиісінше жай акцияларының құны мен артықшылық берілген акциялардың құны түсініледі.

Эмитенттің қаржылық жай-күйінің нашарлауына байланысты емес себептермен қор биржасының тізімінен алынып тасталған пайлар таза активтер құны бойынша бағаланады.";

1-қосымша осы Өзгерістер енгізілетін Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілерінің тізбесіне (бұдан әрі - Тізбе) 1-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

**2. Күші жойылды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 19.09.2019 № 131 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

3. "Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне қор биржасы бағалы қағаздарының ресми тізімі мәселелері бойынша өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылғы 24 желтоқсандағы № 244 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10339 тіркелген, 2015 жылғы 18 наурызда "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қор биржасы бағалы қағаздарының ресми тізімі мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының өзгерістер енгізілетін нормативтік құқықтық актілерінің тізбесінде:

2-тармақтың қырық тоғызыншы абзацының қазақ тіліндегі мәтіні мынадай редакция жазылды:

""Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "AA"-дан төмен емес рейтингтік бағалау немесе Moody's Investors Service, Fitch агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша ұқсас деңгейдегі рейтингі бар халықаралық қаржы ұйымдарының облигацияларын орналастыру қорытындылары туралы есеп Ереженің 5-1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша жасалады және қағаз тасымалдауышта және Acrobat Reader форматында электронды тасымалдауышта мемлекеттік тілде және орыс тілінде екі данада ұсынылады."";

қазақ тіліндегі 6, 10 және 20-қосымшалар Тізбеге 2, 3 және 4-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылды, 6, 10 және 20-қосымшалардың орыс тіліндегі мәтіні өзгермейді.

Өзгерістер енгізілетін  
Қазақстан Республикасының  
бағалы қағаздар нарығы мәселелері  
бойынша нормативтік құқықтық  
актілерінің тізбесіне  
1-қосымша

Инвестициялық қор активтерінің,  
инвестициялық қордың таза активтерінің  
құнын, инвестициялық пай қоры пайының  
есепті құнын және акционерлік  
инвестициялық  
қордың акцияларын сатып алу бағасын  
айқындау ережесіне  
1-қосымша

## **Бағалы қағаздардың құнсыздануын немесе құны төмендеуін тану критерийлері**

	Критерийдің атауы	Балдар саны
1	Қаржылық жай-күйі:	
1.1	Тұрақты	+0
1.2	Қанағаттанарлық	+1
1.3	Тұрақсыз	+2
1.4	Өте қиын	+7
2	Кез келген төлемдердің өтеу мерзімін өткізу:	
2.1	Мерзім өткізу жоқ	-1
2.2	Мерзімі 7 күнге дейін өткізілген	+0
2.3	Мерзімі 8-ден 15 күнге дейін өткізілген	+1
2.4	Мерзімі 16-дан 30 күнге дейін өткізілген	+2
2.5	30 күннен астам	+3
2.6	күнтізбелік 1 жылдан астам	+4
3	Кепілдіктің болуы:	

3.1	Қазақстан Республикасы мемлекетінің (негізгі борыш пен сыйақының 100% кепілдігі болған кезде)	-4
3.2	Қазақстан Республикасы мемлекетінің (негізгі борыш пен сыйақының 100%-дан аз кепілдігі болған кезде)	(Балдар сомасы "- 4"-тен кепілдік мөлшеріне тепе-тең есептеледі)
3.3	"Standard & Poor's" агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "А-" төмен емес рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар шет мемлекетінің	-3
3.4	Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктері	-3
3.5	"Standard & Poor's" агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "А-" төмен емес рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар шетел эмитентінің	-2
3.6	Кепілдігі жоқ	+0
4	Белсенді нарығының болуы:	
4.1	Белсенді нарық	+0
4.2	Нарығы белсенді емес	+1
5	Рейтингтің болуы:	
5.1	"Standard & Poor's" агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "А" төмен емес рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар	-4
5.2	"Standard & Poor's" агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "А"-тен "BBB"-ке дейін рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар	-3
5.3	"Standard & Poor's" агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "BBB"-тен "B"-ке дейінгі рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар	-2
5.4	"Standard & Poor's" агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "B"-тен төмен немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар	+3
6	Рейтингі жоқ	
6.1	"Бірінші шағын санаттың рейтингтік бағасы жоқ борыштық бағалы қағаздар" шағын санатқа енгізілген борыштық бағалы қағаздар	-1
6.2	"Екінші шағын санаттың рейтингтік бағасы жоқ борыштық бағалы қағаздар" шағын санатқа енгізілген борыштық бағалы қағаздар	+0
7	Эмитенттердің қор биржасы тізімінің "акциялар" секторының бірінші санатына кіретін акциялары және олар бойынша депозитарлық қолхаттар	-1
7.1	Эмитенттердің қор биржасы тізімінің "акциялар" секторының екінші санатына кіретін акциялары және олар бойынша депозитарлық қолхаттар	0
8	Қор биржасы тізімінің буферлік санатына енгізілген борыштық бағалы қағаздар	+1
9	Дефолт, делистинг немесе рейтингті төмендету	+2
10	Бағалы қағаздарды орналастыруды тоқтата тұру (қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның (бұдан әрі – уәкілетті орган) орналастыруды тоқтата тұру туралы шешімі)	+2
11	Ақпарат жоқ	+10

Ескерту:

"Ақпарат жоқ" деген критерийі бойынша балдар эмитенттің қызметі туралы ақпарат (оның ішінде қаржылық есептілігі) қор биржасының, уәкілетті органның интернет-ресурсында және эмитенттің өз интернет-ресурсында орналастырылмаған жағдайда, сондай-ақ эмитенттің өзінен қаржылық жай-күйіне талдау жүзеге асыру үшін қажетті қаржылық және өзге де есептілікті алуға мүмкіндік болмаған жағдайда тағайындалады.

Өзгерістер енгізілетін  
Қазақстан Республикасының  
бағалы қағаздар нарығы мәселелері  
бойынша нормативтік құқықтық  
актілерінің тізбесіне  
2-қосымша

Қор биржасы бағалы қағаздарының  
ресми тізімі мәселелері бойынша  
Қазақстан Республикасының  
өзгерістер енгізілетін нормативтік  
құқықтық актілерінің тізбесіне  
6-қосымша

Жарғылық капиталдың, кепілдік беру  
қорының, төлем қабілеттілігі маржасының  
ең аз мөлшерін қоса алғанда, сақтандыру  
(қайта сақтандыру) ұйымы және  
сақтандыру

тобы үшін пруденциалдық нормативтерді  
және

өзге де сақталуға міндетті нормалар мен  
лимиттерді белгілеу және пруденциалдық  
нормативтерді орындау туралы есептерді  
ұсыну мерзімдері жөніндегі нұсқаулыққа

3-қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан

## **Өмірді сақтандыру бойынша сақтандыру ұйымдарына арналған төлем қабілеттілігі маржасын есептеу**

Есепті кезең: 20 \_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_ жағдай бойынша

Индекс: 3-RMP\_SZH\_M

Кезеңділігі: ай сайын

Ұсынатындар: сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары

Нысан қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

Ұсыну мерзімі - ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың алтыншы жұмыс күнінен кеш емес

Нысан

---

(сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының атауы)

# 1. Өмірді сақтандыру және аннуитеттік сақтандыру сыныптары үшін (мың теңгемен)

Көрсеткіш атауы	Жол коды	Сомасы
1	2	3
Қайтыс болған жағдайда өмірді сақтандыру шарттары		
Тәуекелі бар капиталы теріс мәнді болып табылмайтын қайтыс болған жағдайда өмірді сақтандыру шарттары (3 жылға дейінгі мерзіммен) бойынша тәуекелі бар жиынтық капитал ("1113" - "1111")	1110	
Қалыптастырылған сақтандыру резервтерінің сомасы	1111	
Сақтандыру резервтеріндегі қайта сақтандырушының үлесі	1112	
Қайтыс болған жағдайда өмірді сақтандыру шарттары бойынша жиынтық сақтандыру сомасы	1113	
Қайта сақтандырушының сақтандыру сомасындағы үлесі	1114	
Тәуекелі бар капиталы теріс мәнді болып табылмайтын қайтыс болған жағдайда өмірді сақтандыру шарттары (3 жылдан бастап 5 жылға дейінгі мерзіммен) бойынша тәуекелі бар жиынтық капитал ("1123" - "1121")	1120	
Қалыптастырылған сақтандыру резервтерінің сомасы	1121	
Сақтандыру резервтеріндегі қайта сақтандырушының үлесі	1122	
Қайтыс болған жағдайда өмірді сақтандыру шарттары бойынша жиынтық сақтандыру сомасы	1123	
Сақтандыру сомасындағы қайта сақтандырушының үлесі	1124	
Тәуекелі бар капиталы теріс мәнді болып табылмайтын қалған қайтыс болған жағдайда өмірді сақтандыру шарттары бойынша тәуекелі бар жиынтық капитал ("1133" - "1131")	1130	
Қалыптастырылған сақтандыру резервтерінің сомасы	1131	
Сақтандыру резервтеріндегі қайта сақтандырушының үлесі	1132	
Қайтыс болған жағдайда өмірді сақтандыру шарттары бойынша жиынтық сақтандыру сомасы	1133	
Сақтандыру сомасындағы қайта сақтандырушының үлесі	1134	
Алдыңғы қаржы жылында жасалған қайтыс болған жағдайда өмірді сақтандыру шарттары бойынша тәуекелі бар капитал ("1110" + "1120" + "1130")	1140	
Алдыңғы қаржы жылында жасалған қайтыс болған жағдайда өмірді сақтандыру шарттары бойынша қайта сақтандырушының үлесі шегерілген тәуекелі бар капитал ("1140" - "1112" - "1114" - "1122" - "1124" - "1132" - "1134")	1150	
Түзету коэффициенті (егер $\frac{1150}{1140} > 0,5$ болса, онда $\frac{1150}{1140}$ ; егер $\frac{1150}{1140} < 0,5$ болса, онда 0,5)	1160	
Қайтыс болған жағдайда өмірді сақтандыру шарттары бойынша төлем қабілеттілігі маржасының ең төменгі мөлшері ("1110" x 0,001 + "1120" x 0,0015 + "1130" x 0,003) x "1160")	1170	
Басқа да өмірді сақтандыру шарттары		
Алдыңғы қаржы жылының соңына қалыптастырылған сақтандыру резервтерінің сомасы	1210	
Есептеу үшін қалыптастырылған сақтандыру резервтерінің сомасы ("1210" x 0,04)	1220	
Алдыңғы қаржы жылының соңындағы сақтандыру резервтеріндегі қайта сақтандырушының үлесі шегеріле отырып қалыптастырылған сақтандыру резервтерінің сомасы	1230	



Түзету коэффициенті (егер "1230" / "1210" > 0,85 болса, онда "1230" / "1210", егер "1230" / "1210" < 0,85 болса, онда 0,85)	1240	
Басқа да өмірді сақтандыру шарттары бойынша төлем қабілеттілігі маржасының ең аз мөлшері ("1220" x "1240")	1200	
Төлем қабілеттілігі маржасының ең аз мөлшері ("1170" + "1200")	1000	

## 2. Сақтандырушының инвестициялық кірісіне сақтанушының қатысуымен өмірді сақтандыру түрі үшін (мың теңгемен)

Көрсеткіш атауы	Жол коды	Сомасы
1	2	3
Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының инвестициялық тәуекелі бар өмірді сақтандыру шарттары		
Алдыңғы қаржы жылының соңына қалыптастырылған сақтандыру резервтерінің сомасы	2110	
Алдыңғы қаржы жылының соңындағы сақтандыру резервтеріндегі қайта сақтандырушының үлесі шегеріле отырып қалыптастырылған сақтандыру резервтерінің сомасы	2120	
Есептеу үшін қалыптастырылған сақтандыру резервтерінің сомасы ("1210" x 0,04)	2130	
Түзету коэффициенті (егер "2120" / "2110" > 0,85 болса, онда "2120" / "2110"; егер "2120" / "2110" < 0,85 болса, онда 0,85)	2140	
А аралық жиынтығы ("2130" x "2140")	2100	
Сақтанушының инвестициялық тәуекелі бар және ол бес жылдан асатын мерзімдегі белгіленген әкімшілік шығыстарды жабатын өмірді сақтандыру шарттары		
Алдыңғы қаржы жылының соңына қалыптастырылған сақтандыру резервтерінің сомасы	2210	
Алдыңғы қаржы жылының соңындағы сақтандыру резервтеріндегі қайта сақтандырушының үлесі шегеріле отырып қалыптастырылған сақтандыру резервтерінің сомасы	2220	
Есептеу үшін қалыптастырылған сақтандыру резервтерінің сомасы ("2210" x 0,01)	2230	
Түзету коэффициенті (егер "2220" / "2210" > 0,85 болса, онда "2220" / "2210"; егер "2220" / "2210" < 0,85 болса, онда 0,85)	2240	
Б аралық жиынтығы ("2230" x "2240")	2200	
Сақтанушының инвестициялық тәуекелі бар және ол бес жылдан асатын мерзімдегі белгіленбеген әкімшілік шығыстарды жабатын өмірді сақтандыру шарттары		
Алдыңғы қаржы жылындағы әкімшілік шығыстар	2310	
В аралық жиынтығы ("2310" x 0,25)	2300	
Тәуекелі бар капиталдың мәні теріс болмайтын қайтыс болған жағдайда өмірді сақтандыру шарттары		
Алдыңғы қаржы жылының соңына қалыптастырылған сақтандыру резервтерінің сомасы	2410	
Алдыңғы қаржы жылының соңындағы сақтандыру резервтеріндегі қайта сақтандырушының үлесі шегеріле отырып қалыптастырылған сақтандыру резервтерінің сомасы	2411	
Қайтыс болған жағдайда өмірді сақтандыру шарттары бойынша жиынтық сақтандыру сомасы	2420	
Қайтыс болған жағдайда өмірді сақтандыру шарттары бойынша қайта сақтандырушының үлесі шегерілген жиынтық сақтандыру сомасы	2421	

Алдыңғы қаржы жылында жасалған қайтыс болған жағдайда өмірді сақтандыру шарттары бойынша тәуекелі бар капитал ("2420" - "2410")	2430	
Алдыңғы қаржы жылында жасалған қайтыс болған жағдайда өмірді сақтандыру шарттары бойынша қайта сақтандырушының үлесі шегерілген тәуекелі бар капитал ("2421" - "2411")	2440	
Түзету коэффициенті (егер "2440" / "2430" > 0,5 болса, онда "2440" / "2430"; егер "2440" / "2430" < 0,5 болса, онда 0,5)	2450	
Г аралық жиынтығы ("2430" x 0,003 x "2450")	2400	
Төлем қабілеттілігі маржасының ең аз мөлшері ("2100" + "2200" + "2300" + "2400")	2000	

### 3. Жазатайым жағдайлардан сақтандыру және ауырған жағдайдан сақтандыру сыныптары үшін (мың теңгемен)

Көрсеткіш атауы	Жол коды	Сомасы
1	2	3
Алдыңғы қаржы жылында сақтандыру және қайта сақтандыру шарттары бойынша қабылданған сақтандыру сыйлықақылары, барлығы	3110	
Алдыңғы қаржы жылындағы комиссиялық сыйақылар сомасы	3120	
Алдыңғы қаржы жылында сақтандыру сыйлықақыларына салық салу сомасы	3130	
Алдыңғы қаржы жылында сақтандыру және қайта сақтандыру шарттары бойынша қабылданған, түзетілген сақтандыру сыйлықақылары ("3110" - "3120" - "3130")	3140	
Алдыңғы қаржы жылында сақтандыру және қайта сақтандыру шарттары бойынша еңбек сіңірілген сақтандыру сыйлықақылары, барлығы	3150	
Алдыңғы қаржы жылында түзетілген жиынтық еңбек сіңірілген сақтандыру сыйлықақылары ("3150" - "3120" - "3130")	3160	
Сақтандыру және қайта сақтандыру шарттары бойынша қабылданған жиынтық сақтандыру сыйлықақылары немесе одан әрі есептеуге арналған жиынтық еңбек сіңірілген сақтандыру сыйлықақылары (егер "3140" > "3160", онда "3140"; егер "3140" < "3160", онда "3160")	3100	
А аралық жиынтығы:		
Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы үшін (егер "3100" > 1 500 000 болса, онда [1 500 000 x 0,18 + ("3100" - 1 500 000) x 0,16]; егер "3100" < 1 500 000 болса, онда "3100" x 0,18)	3200	
Алдыңғы үш қаржы жылында есептелген сақтандыру төлемдеріндегі қайта сақтандырушының үлесі шегерілген жиынтық сақтандыру төлемдері ("3311" + "3312" + "3313")	3310	
Алдыңғы қаржы жылының соңына есептелген сақтандыру төлемдеріндегі қайта сақтандырушының үлесі шегерілген жиынтық сақтандыру төлемдері	3311	
Сақтандыру төлемдеріндегі қайта сақтандырушының үлесі шегеріле отырып, қаржы жылының соңына есептелген, алдыңғы қаржы жылының алдындағы 1 жыл үшін жиынтық сақтандыру төлемдері	3312	
Сақтандыру төлемдеріндегі қайта сақтандырушының үлесі шегеріле отырып, қаржы жылының соңына есептелген, алдыңғы қаржы жылының алдындағы 2 жыл үшін жиынтық сақтандыру төлемдері	3313	
Алдыңғы үш қаржы жылына есептелген жиынтық сақтандыру төлемдері ("3321" + "3322" + "3323")	3320	
Алдыңғы қаржы жылына есептелген жиынтық сақтандыру төлемдері	3321	

Алдыңғы қаржы жылының алдындағы 1 жылға, қаржы жылының соңына есептелген жиынтық сақтандыру төлемдері	3322	
Алдыңғы қаржы жылының алдындағы 2 жылға, қаржы жылының соңына есептелген жиынтық сақтандыру төлемдері	3323	
Түзету коэффициенті (егер "3310" / "3320" > 0.5, онда "3310" / "3320"; егер "3310" / "3320" < 0,5, онда 0.5)	3300	
Төлем қабілеттілігі маржасының ең аз мөлшері ("сыйлықақылар әдісімен") ("3200" x "3300" )	3400	
Алдыңғы үш қаржы жылына есептелген жиынтық сақтандыру төлемдері ("3511" + "3512" + "3513"):	3510	
алдыңғы қаржы жылының соңына есептелген	3511	
алдыңғы қаржы жылының алдындағы 1 жылға, жылдың соңына есептелген	3512	
алдыңғы қаржы жылының алдындағы 2 жылға, жылдың соңына есептелген	3513	
Алдыңғы қаржы жылының соңына мәлімделген, бірақ реттелмеген резерв сомасы	3520	
Алдыңғы қаржы жылының алдындағы 2 жылға, жылдың соңына мәлімделген, бірақ реттелмеген шығындар резерві сомасы	3530	
Одан әрі есептеуге арналған жиынтық сақтандыру төлемдері (1/3 x ("3510" + "3520" - "3530"))	3500	
Төлем қабілеттілігі маржасының ең аз мөлшері ("төлемдер әдісімен"): Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары үшін (егер "3500" > 1 000 000, онда [(1 000 000 x 0,26 + ("3500" - 1 000 000) x 0,23) x "3300"]	3600	
Есепті кезеңдегі төлем қабілеттілігі маржасының ең аз мөлшері ("3400" немесе "3600", ең жоғары шама)	3000	

#### 4. Төлем қабілеттілігі маржасының ең аз мөлшері (мың теңгемен)

Көрсеткіш атауы	Жол коды	Сомасы
Есепті кезеңдегі төлем қабілеттілігі маржасының ең аз мөлшері ("1000" + "2000" + "3000")	4000	
Кепілдік беру қорының ең аз мөлшері	5000	
Төлем қабілеттілігі маржасының есептелген ең аз мөлшері (4000 + осы Нұсқаулықтың 1-қосымшасына сәйкес есептелген, қайта сақтандыруға берілетін міндеттемелер сомасының бір бөлігі)	6000	
Кепілдік беру қорының ең аз мөлшері (5000 + осы Нұсқаулықтың 1-қосымшасына сәйкес есептелген, қайта сақтандыруға берілетін міндеттемелер сомасының бір бөлігі)	7000	
Төлем қабілеттілігі маржасының ең аз мөлшері ("6000" немесе "7000", ең жоғары шама)	8000	

#### 5. Өмірді сақтандыру бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары үшін нақты төлем қабілеттілігі маржасын есептеу (мың теңгемен)

Көрсеткіш атауы	Жол коды	Сомасы
1	2	3
Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы үшін төленген жарғылық капитал	111	

Артықшылық берілген акциялар	112	
Алдыңғы кезеңдердегі бөлінбеген кіріс	113	
Резервтік капитал, Күтпеген тәуекелдер резерві және Тұрақтандыру резерві	114	
Төленуге тиіс дивидендтер	115	
Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының негізгі қызметінің мақсаттары үшін сатып алынған бағдарламалық қамтамасыз етуді қоспағандағы материалдық емес активтер (жинақталған амортизациясы ескерілген өзіндік құны және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы активтерінің 10 %-нан аспайтын мөлшерде)	116	
Алдыңғы жылдардағы жабылмаған шығын	117	
Есепті кезеңдегі жабылмаған шығын	118	
Басқа заңды тұлғалардың жарғылық капиталына инвестициялар	119	
Заңның 32-бабына сәйкес сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының еншілес ұйымы не сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының қомақты қатысуы бар тұлғалар болып табылатын тұлғаларға берілген реттелген қарыздар	120	
А аралық жиынтығы ("111" - "112" + "113" + "114" - "115" - "116" - "117" - "118" - "119" - "120")	100	
Өтеу мерзімі белгіленген реттелген борыш	201	
Өтеу мерзімі тіркелмеген реттелген борыш	202	
Артықшылық берілген акциялар	203	
Б аралық жиынтығы Б ("201" + "202" + "203")	211	
Нақты төлем қабілеттілігі маржасының есебіне енгізілетін сома: Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы үшін (егер "211" > 0,5 x ("100" немесе "400", ең төменгі шама), онда 0,5 x ("100" немесе "400", ең төменгі шама); егер "211" < 0,5 x ("100" немесе "400", ең төменгі шама), онда "211")	200	
Нақты төлем қабілеттілігі маржасы ("100" + "200" немесе "15000", ең төменгі шама)	300	
Төлем қабілеттілігі маржасының ең аз мөлшері ("8000")	400	
Нақты төлем қабілеттілігі маржасының жеткіліктілігі нормативі (300/400)	500	

Бірінші басшы (ол болмаған кезеңде - оның орнындағы адам)

\_\_\_\_\_

(тегі, аты, бар болса - әкесінің аты) (қолы)

Бас бухгалтер \_\_\_\_\_

(тегі, аты, бар болса - әкесінің аты) (қолы)

Орындаушы: \_\_\_\_\_

(лауазымы, тегі, аты, бар болса - әкесінің аты) (қолы)

\_\_\_\_\_

(телефон нөмірі)

Есепке қол қойылған күн 20 \_\_ жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_

Мөр орны

Әкімшілік деректер жинауға арналған нысанды толтыру бойынша

түсіндірме

# **"Өмірді сақтандыру бойынша сақтандыру ұйымдарына арналған төлем қабілеттілігі маржасын есептеу"**

## **1. Жалпы ережелер**

1. Осы түсіндірме (бұдан әрі - Түсіндірме) "Өмірді сақтандыру бойынша сақтандыру ұйымдарына арналған төлем қабілеттілігі маржасын есептеу" нысанын (бұдан әрі - Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысан "Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы" 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабы 1-тармағының б) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы нысанды ай сайын толтырады.

4. Нысанды толтырған кезде пайдаланылатын өлшем бірлігі мың теңгемен белгіленеді. Бес жүз теңгеден кем сома нөлге дейін дөңгелектенеді, ал бес жүз теңгеге тең және одан жоғары сома мың теңгеге дейін дөңгелектенеді.

5. Нысанға бірінші басшы (ол болмаған кезеңде - оның орнындағы адам), бас бухгалтер және орындаушы қол қояды.

## **2. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме**

6. Нысан әрбір есепті күнге толтырылады.

7. Өмірді сақтандыру және аннуитеттік сақтандыру сыныптары үшін төлем қабілеттілігі маржасының ең аз мөлшерін есептеудің 1000-жолында өмірді сақтандыру және аннуитеттік сақтандыру сыныптары үшін есептелген төлем қабілеттілігі маржасының ең төменгі мәні көрсетіледі.

8. Сақтандырушының инвестициялық кірісіне сақтанушының қатысуымен өмірді сақтандыру түрі бойынша төлем қабілеттілігі маржасының ең аз мөлшерін есептеудің 2000-жолында сақтандырушының инвестициялық кірісіне сақтанушының қатысуымен өмірді сақтандыру түрі бойынша төлем қабілеттілігі маржасының ең аз мөлшерінің есептелген мәні көрсетіледі.

9. Жазатайым жағдайлардан сақтандыру және ауырған жағдайдан сақтандыру сыныптары үшін төлем қабілеттілігі маржасының ең аз мөлшерін есептеуде жазатайым жағдайлардан сақтандыру және ауырған жағдайдан сақтандыру сыныптары бойынша төлем қабілеттілігінің ең аз мөлшерін есептеу үшін қажетті мәндер көрсетіледі.

10. Сақтандырушының инвестициялық кірісіне сақтанушының қатысуымен өмірді сақтандыру түрі бойынша төлем қабілеттілігі маржасының ең аз мөлшерін есептеудің 3000-жолында жазатайым жағдайлардан сақтандыру және ауырған жағдайдан сақтандыру сыныптары бойынша есептелген ең аз мөлшерінің мәні көрсетіледі.

11. Төлем қабілеттілігі маржасының ең аз мөлшерінің 4000-жолында 1000, 2000 және 3000-жолдарда көрсетілген мәндердің сомасы көрсетіледі.

12. 5000-жолда осы Нұсқаулықтың 25, 27-тармақтарына сәйкес сақтандыру ұйымының кепілдік қорының ең аз мөлшері көрсетіледі.

13. 8000-жолда төлем қабілеттілігі маржасының ең аз мөлшері көрсетіледі.

14. Өмірді сақтандыру бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары үшін нақты төлем қабілеттілігі маржасын есептеудің 111, 112, 113, 114, 115, 116, 117, 118, 119, 120-жолдарында төлем қабілеттілігі маржасының нақты мөлшерін есептеу үшін қажет мәндер көрсетіледі.

15. Өмірді сақтандыру бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары үшін нақты төлем қабілеттілігі маржасын есептеудің 100-жолында А аралық жиынтығы көрсетіледі, ол мынадай мәнге тең болады: 111-жол - 112-жол + 113-жол + 114-жол - 115-жол - 116-жол - 117-жол - 118-жол - 119-жол - 120-жол.

16. 300-жолда көрсетілетін нақты төлем қабілеттілігі маржасы екі шаманың ең төменгісіне тең: 1) А және Б аралық жиынтығы сомасының (100-жол + 200-жол); немесе 2) активтердің сапа және өтімділік бойынша жіктелімін ескере отырып есептелген нақты төлем қабілеттілігі маржасы (15 000-жол).

17. 500-жолда нақты төлем қабілеттілігі маржасының ең төменгі төлем қабілеттілігі маржасына қатынасына (300-жол/400-жол) тең төлем қабілеттілігі маржасының жеткіліктілігі нормативінің мәні көрсетіледі.

Өзгерістер енгізілетін  
Қазақстан Республикасының  
бағалы қағаздар нарығы мәселелері  
бойынша нормативтік құқықтық  
актілерінің тізбесіне  
3-қосымша  
Қор биржасы бағалы қағаздарының  
ресми тізімі мәселелері бойынша  
Қазақстан Республикасының өзгерістер  
енгізілетін нормативтік құқықтық  
актілерінің тізбесіне  
10-қосымша  
Сақтандыру (қайта сақтандыру)  
ұйымдарында тәуекелдерді басқару  
және ішкі бақылау жүйесінің болуы  
жөніндегі талаптар туралы нұсқаулыққа  
4-қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан

**"Өмірді сақтандыру" саласында қызметін жүзеге асыратын сақтандыру ұйымдарына арналған гәп-талдама**

Есепті кезең: 20 \_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_ жағдай бойынша

Индексі: GAP-LI1

Кезеңділігі: ай сайын



1.3	<p>Күмәнді борыштар бойынша резервті шегергендегі, "Standard &amp; Poor's" агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "B+"-тен "B"-ға дейінгі ұзақмерзімді рейтингі немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің ұлттық шәкілі бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар немесе "Standard &amp; Poor's" ұлттық шәкілі бойынша "kzBB-"-тен "kzB+"-ке дейінгі рейтингтік бағасы бар Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі салымдар (негізгі борыш пен есептелген сыйақы сомаларын ескергенде)</p>										
2.	<p>Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі шығарған, күмәнді борыштар бойынша резервтері шегерілген (негізгі борыш пен есептелген сыйақы сомалары ескерілген) Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары (оның ішінде басқа мемлекеттердің заңнамаларына сәйкес айналысқа шығарылған)</p>										
3.	<p>Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдары шығарған, Қазақстан Республикасы аумағында қызметін жүзеге асыратын қор биржасының ресми тізіміне енгізілген, күмәнді борыштар бойынша резервтері шегерілген (негізгі борыш пен есептелген сыйақы сомалары ескерілген) борыштық бағалы қағаздары</p>										
3.1	<p>"Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамы шығарған, күмәнді борыштар бойынша резервтері шегерілген (негізгі борыш пен есептелген сыйақы сомалары ескерілген) борыштық бағалы қағаздары</p>										
4.	<p>Қазақстан Республикасының және қызметін Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асыратын қор биржасының ресми тізіміне кіретін басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының</p>										



	ұйымдары шығарған мемлекеттік емес бағалы қағаздар - барлығы, оның ішінде:							
4.1	"Standard & Poor's" агенттігінің "BB"-тен төмен емес халықаралық рейтингтік бағасы немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі немесе "Standard & Poor's" ұлттық шкаласы бойынша "kzBB"-ден төмен емес рейтингтік бағасы бар эмитенттердің күмәнді борыштар бойынша резервтері шегерілген (негізгі борыш пен есептелген сыйақы сомалары ескерілген) акциялары және осы акциялар базалық активі болып табылатын депозитарлық қолхаттар							
4.2	Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9871 тіркелген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының "Эмитенттерге және олардың қор биржасында айналысқа жіберілетін (жіберілген) бағалы қағаздарына, сондай-ақ қор биржасы тізімінің жекелеген санаттарына қойылатын талаптарды бекіту туралы" 2014 жылғы 22 қазандағы № 189 қаулысында (бұдан әрі - № 189 қаулы) көзделген "акциялар" секторының бірінші санатының талаптарына сәйкес келетін, күмәнді борыштар бойынша резервтері шегерілген (негізгі борыш пен есептелген сыйақы сомалары ескерілген) акциялар немесе қор биржасы индексінің өкілдік тізіміндегі заңды тұлғалардың акциялары және осы акциялар базалық активі болып табылатын депозитарлық қолхаттар							
4.2.1	"B"-тен төмен емес рейтингі бар, осы қосымшаның 4.2 жолында көрсетілген акцияларға жатпайтын заңды тұлғалардың, күмәнді борыш бойынша резерв шегерілген акциялары							
4.3	"Standard & Poor's" агенттігінің "BB"-тен төмен емес халықаралық рейтингтік бағасы немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі немесе "Standard & Poor's" ұлттық шәкілі бойынша "kzBB"-ден төмен емес							

